

МКҚК «Күншуақ» бөбекжайы»

**2021-2022 оқу жылына арналған
«Қазақ тілі» пәні бойынша
орта тобына арналған
ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАР**

Қазақ тілі пәні мұғалімі:

Д.Балтабекова

2021-2022ж

«Бекітемін»
«Күншүак» бөбекжайы» МКҚК-нің
Менгерушісінің м.у.а. А.К.Айбекова
«26» «11» 2021 ж.
№1 пед. кеңесінің шешімі негізінде

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру процесіне ұсынылатын «өтпелі»
тақырыптардың тізімі.

№	Айы	Тақырыптар
1	Қыркүйек	«Балабақша»
2	Қазан	«Менің отбасым»
3	Қараша	«Денсаудың жаны сау»
4	Желтоқсан	«Менің Қазақстаным»
5	Қантар	«Табиғат әлемі»
6	Ақпан	«Бізді қоршаған әлем»
7	Наурыз	«Салт-дәстүрлер мен фольклор»
8	Сәуір	«Біз бенбек қор баламыз»
9	Мамыр	«Өрқашан күн сөнбесін»

ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАР

2021-2022 оқу жылына «Қазақ тілі» пәні бойынша екінші кіші топтарға арналған жылдық жоспар

№	Сабақ тақырыбы және мазмұны		Сағат саны	Мерзімі
1.	1.Менің балабақшам	Балаларды өлеңді тыңдауға, мәнерлеп айтуға үйрету.	1 сағат	Қыркүйек
	2.Менің достарым	«Дос», «Достық» құндылығы туралы түсінік беру, жаңа материалды көрнекіліктер арқылы түсіндіру, достарға деген мейірімді қарым-қатынасқа үйрету.	1 сағат	Қыркүйек
	3.Менің сүйікті ойыншықтарым	Ойыншықтарды сипаттап айтуға үйрету. Өздеріне ұнаған ойыншыққа зерттеу жүргізіп, әңгімелеп айтып беруге, ойыншықтардың жекеше, көпше атауларын айтуға үйрету.	1 сағат	Қыркүйек
	4. Жиһаздар	Үй ішіне қажетті жиһаздар туралы кеңінен түсіндіру. Балаларды жиһаздар қалай, қандай материалдан жасалған және олардың қажеттілігі туралы айтып түсіндіру. Балалардың тіл байлығын дамыту. Жиһаздарды күтіп баптап ұстауға, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	1 сағат	Қыркүйек
2	5.Менің отбасым, ата-аналар еңбегі	Отбасы туралы түсініктерін кеңейту, отбасындағы өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1 сағат	Қазан
	6.Менің көшем	Өз мекенжайы мен тұрғылықты ауылының атын, ондағы сәулетті,мәдени орындары туралы айта білуге үйрету.	1 сағат	Қазан

		7. "Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік"	Балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ерекшеліктерін ұғындыру. Үйдегі, көшеде, балабақшада сақтау керек қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін толықтыру.	1 сағат	Қазан
		8. "Өзім туралы"	Өзі және өзінің жағдайы, көңіл – күйі туралы түсініктерін кеңейту. Өзіне деген сенімділігін нығайтып, құрметі мен дербестігін арттыру.	1 сағат	Қазан
3		9. «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»	Салауатты өмір салты туралы түсініктерін кеңейту. Денсаулықты сақтау дағдыларын дамыту. Эмоциялық көңіл күйін және сезімдерін білдіруге тәрбиелеу.	1 сағат	Қараша
		10. "Өзіңе және өзгелерге көмектес"	Өзара көмекке, сыйластыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Тақырыпқа сәйкес ертегі оқып беріп, оның мазмұнын түсінуге, кейіпкерлерге, оқиғаларға өзінің көзқарастарын білдіруге үйрету.	1 сағат	Қараша
		11. "Алтын күз"	Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы сөйлем құрастырып, әңгімелеуге үйрету. Табиғаттағы өзгерістер туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру.	1 сағат	Қараша
		12. "Біз күштіміз ептіміз"	«Кім күшті» ертегісін оқу. «Кім күшті» ертегісін балалармен ойнау. Ертегіні қызығушылықпен және мұқият тыңдауға үйрету, шығармашылық потенциялының ашылуына себепкер болу, баланың артистік қабілеттерін, баланы ертегіні сахналауға үйрету, диалогтық белсенділік бағытында қазақ тілін оқытуға себебін қалыптастыру.	1 сағат	Қараша

4		13. "Тарихқа саяхат"	Балаларға өзінің туған жеріне, ауылына деген сүйіспеншілік туғызу, жеріндегі көрікті қызығушылық туғызу. Балалардың туған өлкесі туралы білімдерін кеңейту.	1 сағат	Желтоқсан
		14. "Туған өлкем"	Қазақстанның кең байтақ бай мемлекет екенін түсіндіру. Мемлекет астанасы туралы түсінік беру. Балаларың қызығушылығын, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Отанды сүйе білуге тәрбиелеу.	1 сағат	Желтоқсан
		15. "Астана – Отанымыздың жүрегі"	Қазақстан Республикасы туралы әңгімелесу; Балалардың ой-өрісін дамыту, Еліне, жеріне, Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	1 сағат	Желтоқсан
		16. "Тәуелсіз Қазақстан"	Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, патриоттық сезімдерін ояту. Балалардың тыңдау және сөзді түсіну, әңгімелесе білу, сұраққа жауап беру және сұрау іскерліктерін қалыптастыру, дыбыс артикуляциясын және сөздерді дұрыс байланыстырып сөйлеулерін дамыту.	1 сағат	Желтоқсан
	5	17. «Айналамыздағы өсімдіктер»	Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау ережелерін әңгімелеу; өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге қамқорлық жасай білуге ынталандыру.	1 сағат	Қаңтар
		18. "Жануарлар әлемі"	Үй жануарларының тіршілігі туралы баяндап, әрқайсысының өзіне тән қасиеттері туралы пікірлерін айтқызу арқылы кез келген тақырып бойынша ойларын еркін жеткізе білуге баулу, Үй жануарларының адамдарға беретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру,	1 сағат	Қаңтар
		19. «Құстар - біздің досымыз»	Құстардың түрлерімен таныстырып, оларды ажырата білуге үйрету. Құстар жөнінде жұмбартар жасырып ойлау қабілеттерін дамыту. Байланыстырып сөйлеуге үйрету. Табиғатқа деген мейірімін ояту, адамгершілікке баулу.	1 сағат	Қаңтар

6	20. «Ғажайып қыс»	Балаларға қыс мезгілі ,жыл мезгілдері жайлы білімдерін толықтыру. Қыс мезгіліне деген қызығушылығын арттыру.Жұмбақтар, өлеңдер, тақпақтар арқылы тілдерін ұстарту.Әр мезгілдің өзіндік ерекшеліктерін сүйе білуге тәрбиелеу.	1 сағат	Қаңтар
	21."Ғажайыптар әлемі"	Балаларды табиғат аясындағы жанды және жансыз заттарға қамқорлық жасауға баулу оның қажеттілігін түсіндіру.	1 сағат	Ақпан
	22. « Көліктер»	Жер, жер асты, әуе, су көліктері туралы түсінік беру. Жер үсті көліктерінің түрлері: жолаушы, жүк тасымал, арнаулы көліктер болып бөлінетінін түсіндіру. Балаларды көшеде жүру ережелерімен, бағдаршам, оның атқаратын қызметімен таныстыру.	1 сағат	Ақпан
	23. "Электроника әлемі"	Қарапайым ақпарат көздерін қолдану дағдыларын жетілдіру. Ересектермен әңгімелесу, телехабар, компьютерлік ақпараттар және олардың мазмұнына қызығушылығын қалыптастыру, арттыру. Балалардың ойлау қабілеттерін ойын арқылы туындату және тұлға дамыту.	1 сағат	Ақпан
	24."Мамандықтың бәрі жақсы "	Мамандық иелері туралы түсініктерін кеңейту. Сөзді байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту.Мамандық иелерінің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.	1 сағат	Ақпан
7	25."Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері"	алқымыздың салт-дәстүрі туралы білімдерін дамыту.Бала әлдиін көркем сөздер арқылы дамытып жанр арқылы түсіндіру. Салт-дәстүрге,әдептілікке деген қызығушылығын арттыру,құрметтеуге тәрбиелеу.Үлкенді сыйлау,кішіге қамқор бола білуге тәрбиелеу. Балаларды <u>инабаттылыққа тәрбиелеп</u> , ата-бабаларымыздың асыл мұраларын түсіндіру.	1 сағат	Наурыз

8	26. "Ертегілер елінде. Театр әлемі"	Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс-тұрысын талдауға, оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету.	1 сағат	Наурыз
	27. "Өнер көзі халықта"	Сурет салу барысында ырғақ, пішін, түрлі-түстерді сезінуін бірте-бірте дамыту. Қол қимыл қозғалысын жаттықтыру. Қарапайым заттарды бейнелеу дағдыларын қалыптастыру.	1 сағат	Наурыз
	28. "Нұрын төккен, гүл көктем"	Көктем мезгілінде болатын өзгерістер жайлы балаларға түсіндіру. Табиғаттағы құбылыстарды бақылай отырып, сүйіспеншілікке, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Суретке қарап әңгіме құрастыру арқылы баланың сөздік қорын дамыту.	1 сағат	Наурыз
	29. "Аялайық гүлдерді"	Көктем гүлдері, бөлме, дала гүлдері туралы туған жердің табиғатына сүйіспеншіліктерін ояту. Корейдің сакура ағашымен таныстыру. Пішіндер арқылы гүлдер құрастыруға дағдыландыру.	1 сағат	Сәуір
	30. "Ас атасы - нан"	Нанды қадірлеуге, қастерлеуге, нанды даярлайтын адамдарға деген құрмет сезімдерін, диқандар еңбегін бағалай білуге, еңбекке деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу. Бақылағыштығын, қиялын, есте сақтау, желілі рөлді ойынға, кейіптендіруге арналған атрибуттарды дайындау іскерліктерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін, ересектер басшылығымен әрекет ете білуге іскерліктерін жетілдіру, шығармашылық ой қиялын дамыту.	1 сағат	Сәуір
	31. «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»	Жәндіктерді ажырата білуге жаттықтыру, есте сақтау қабілетін дамыту, табиғатты қорғау, оларға қамқорлық, адамгершілікке, достыққа баулу.	1 сағат	Сәуір

9	32. "Еңбек - бәрін де жеңбек"	Балаларды еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру. Еңбек етуге деген қызығушылықтарын, ой - қиялын, тілдерін дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1 сағат	Сәуір
	33. "Достық - біздің тірегіміз" (халықтар достығы)	Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.	1 сағат	Мамыр
	34. «Отан қорғаушылар»	Отанын, елін, жерін сүюге, қорғауға, сыйлауға тәрбиелеу, Балаларға отан қорғаушылар күні туралы мәлімет беру. Танымдық қасиеттерін ояту.Ел үшін қызмет етуге тәрбиелеу.	1 сағат	Мамыр
	35. "Көңілді жаз"	Жаз мезгілінде болатын өзгерістер жайлы балаларға түсіндіру. Табиғаттағы құбылыстарды бақылай отырып табиғатты аялауға тәрбиелеу. Түстердің біртіндеп өзгеруі тәсілін қолданып уйрену,көріністі бейнелеуде көңіл күйлерін,ойлау қабылеттерін,есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1 сағат	Мамыр
	36. "Мен жасай аламын"	Балаларды еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру. Еңбек етуге деген қызығушылықтарын, ой - қиялын, тілдерін дамыту. Балалардыеңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1 сағат	Мамыр

			біртіндеп өзгеруі тәсілін қолданып уйрену,көріністі бейнелеуде көңіл күйлерін,ойлау қабылеттерін,есте сақтау қабілеттерін дамыту.		
--	--	--	--	--	--